

«№3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

БҰЙРЫҚ №23

Мәртөк а.

2025ж. 2 маусым

**Өзін-өзі бағалауды
ұйымдастыру және өткізу, комиссия
құрамын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестациялауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021 ж. №366 бұйрығымен өзгерістер болған) бекітілген «Білім беру ұйымдарының өлшем шарттары» мен Ақтөбе облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 23.10.2024 жылғы №18-2-06/2603 хаты негізінде және 2025 жылы 02 маусымда кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңестің (№6 хаттама) шешімі негізінде бұйырамын:

1. «№3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да өзін-өзі бағалау жұмыстары ұйымдастырылсын;
2. «№3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу үшін төмендегідей комиссия құрамы бекітілсін:
 1. Амандыкова С.А - №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі, комиссия төрағасы. Аттестаттау комиссиясының жұмысына басшылық, комиссия мүшелеріне кеңес беру, жұмысын қорытындылау.
 2. Каржауова Б.Ш – әдіскер, комиссия мүшесі. Әдістемелік жұмыс құжаттарын, мамандардың, тәрбиешілердің жұмыстарын зерделеу, кеңес беру.
 3. Кубенова М.Н. – тәрбиеші, комиссия мүшесі. Оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістерін зерттеу.

4. Загидулина Г.Р. – тәрбиеші, комиссия мүшесі. Оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістерін зерттеу.

5. Сактаганова Д.Т. – тәрбиеші, комиссия мүшесі. Оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістерін зерттеу.

6. Джаумьтбаева Ш.Т. – тәрбиеші, комиссия мүшесі. Оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістерін зерттеу.

7. Жалтырова Г.К. – шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі. Материалдық техникалық базаны,

8. Крекотень Л.В. медбике, комиссия мүшесі медициналық қызмет көрсетуді зерттеу.

3.Өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында талданып, педагогтар назарына жеткізілсін.

4.Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынсын.

5.Өзін-өзі бағалау қорытындысы 2025 жылы 01 шілдеден кешіктірмей балабақша Ainalain.martuk.edu.kz сайтына жүктелсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

№3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:



 Аамандыкова С.А.